

Әрестет етуде-н
мәңгілік адам
ені әлемнен өзін-өзі
жетілдіру, сонан кейін
бұл үлде нешесіе бұл ерлерде
тиратын басқаруға
жетілдіру арқылы жетеді.

Әбі Нәсір ел Шағабұл

Auliata
media

AQ JOL

№93 (19509),
БЕЙСЕНБІ, 15 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ



Jambyl oblystyq qogamdyq-saiasi gazet

akjolgazet@gmail.com

www.aqjolgazet.kz

Gazet 1922 jylдың 1 мамырынан bastap shyğady

Ақорда

Мемлекет басшысы
Жамбыл облысының әкімі
Ербол Қарашөкеевті қабылдады



Президентке өңірдің биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп берілді.



Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, облыс экономикасы қарқынды өсіп келеді. Атап айтқанда, құрылыс саласында 12,3 пайыз, байланыста 8,5 пайыз, көлік бағытында 7,4 пайыз, аграрлық секторда 4 пайыз өсім бар. Тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 2,3 пайызға (311 мың шаршы метр) артқан. Негізгі капиталға 196,3 миллиард теңге тартылған.

Өңірдің 2027 жылға дейінгі инвестициялық портфелінде жалпы құны 2,5 триллион теңгені құрайтын 70 жоба бар. Бұл 6,3 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін 19 жаңа өндіріс орнын іске қосу жоспарланып отыр. Облыс экономикасындағы өңдеуші өнеркәсіп секторының үлесі 64,5 пайызға жетті. Бұл ретте шетелдік ірі компаниялармен келісім аясында жүзеге асып жатқан фосфор өнеркәсібінің ролі айрықша. Бүгінде аймақ шаруалары егін жинау науқанына кірісіп кетті. Болжам бойынша биыл негізгі дақылдардың жалпы түсімі 2,1 миллион тоннаға жетеді. Сонымен қатар, Мемлекет

басшысына өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөнінде баяндалды. Нақты айтқанда, облыста 26 денсаулық сақтау, 41 білім беру мекемесінің құрылысы жүріп жатыр. Биыл 452 медициналық жабдық пен 38 санитарлық автокөлік сатып алу жоспарлануда. Жыл соңына дейін 19 мектеп пайдалануға беріледі. Нәтижесінде 2 апатты, 4 үш ауысымды, 3 тозығы жеткен, сондай-ақ оқушы орны жетіспейтін 10 мектептің мәселесі төзіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес осы жылдың соңына дейін 37 елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштер, саябақтар мен гүлзарлар, арналар мен арықтар тазартылып, 60 мыңға жуық көшет отырғызылды.

Кездесу соңында Президент облыс әкіміне өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуға және тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Akorda.kz

Мерей

Салық саласының мамандары
марапатталды

Биыл мемлекеттік кірістер органының құрылғанына – 10 жыл. 2014 жылғы 14 тамыз күні Мемлекет басшысы салық және кеден қызметін біріктіру арқылы жаңа комитет құру туралы Жарлыққа қол қойды. Бүгінде аталған орган халықтың әлеуметтік дамуы мен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлес қосуда. Мерекелік күнтізбеге орай шаһарымыздағы Ы.Дүкенұлы атындағы Мәдениет үйінде сала мамандарын марапаттау салтанаты өтті.

Нұрболат АМАНБЕК

Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының артуы мен қаржы жүйесінің дамуындағы мемлекеттік кірістер органдарының маңыздылығын тоқталып, сала мамандарын айышықты мерекесімен құттықтады.

– Бүгінгі таңда мемлекеттік кірістер органдары елдің тұрақтылығын анықтайтын негізгі құрылымдардың бірі саналады. Қандай мемлекет болмасын оның экономикалық әлеуеті мемлекеттік кірістермен, салық жүйесімен тығыз байланысты. Салықтық бақылауды тұрақты түрде дамыту сала қызметкерлеріне жүктелген міндет. Бүгінде барлық бизнес-үдерістерді оңтайландыру бағытында цифрландыру енгізіліп, көптеген қызметтер электронды түрде көрсетілуде. Бұл өз кезегінде көлеңкелі экономикадан арылуға үлкен мүмкіндік берері анық. Мемлекеттік кірістер саласы ауқымды, маңызды жұмыс жиынтығы. Сондықтан әрбір сала



қызметкері өзіне жүктелген міндеттерді орындауға бар күш-жігерін салып, ұдайы кәсіби жетілуі тиіс. Салалық органның ашық және адал қызметінің арқасында өңіріміз бен еліміздің экономикасы, әлеуметтік саласы табысты дамуда. Облыста 2014 жылы бюджет кірісі 37,7 миллиард теңгені құраса, өткен жылдың қорытындысымен 150,7 миллиард теңгеге жетіп, соңғы 10 жылда жергілікті бюджет кірістері төрт есеге ұлғайды, – деді Ербол Шырақпайұлы.

Бұдан соң аймақ басшысы бірқатар салық саласының ардагерлерін марапаттап, құрмет көрсетті. «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» тосбелгісімен облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ардагерлері – Күлдар Рақымжанова, Токтағұл Түсіпова мен Владимир Морозов марапатталды. Сондай-ақ, осы салада ұзақ жылдар еңбек еткен Ербол Дербісәліев,

Мұрат Дондаев, Карима Қалықұлова, Гаухар Наренова мен Несіпқұл Тұржановтарға облыс әкімінің Құрмет грамотасы табысталды. Бұдан бөлек, салтанатты жиында сала ардагері Гүлсім Сабденбекова Мемлекеттік кірістер комитетінің Құрмет грамотасын иеленіп, бірқатар қызметкерлер «Мемлекеттік кірістер органдарына 10 жыл», «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» тосбелгілерімен марапатталды. Салтанатты іс-шараның соңы мерекелік кешке ұласты.

Айта кету қажет, облыстың салық саласында тұрақты өсім байқалып отыр. Мәселен, өткен жылы өңірде меншікті кірістер 150,7 миллиард теңгені құрап, 26,3 пайызға артқан. Сондай-ақ, жыл басында меншікті кірістер жоспары 102 миллиард теңгеге орындалып, бюджетке 17,2 миллиард қаражат жоспардан артығымен түскен.

Өңір өмірі

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Президентке өңірдің бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп берген болатын. Мемлекет басшысына облыс экономикасы, инвестиция тарту жұмыстары, жаңа өндіріс орындарын іске қосу, егін жинау науқанының барысы, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету жайы, тағы басқа да өңірде қолға алынып жатқан жұмыстар баяндалды.

Аймақ ахуалы
айтарлықтай
жақсарып келеді

Жүрсінгүл ЖАҚЫП

Биылғы бірінші жартыжылдықта Жамбыл облысы бойынша экономикалық өсім 100,2 пайызды құрады. Ал, 2027 жылға дейінгі инвестициялық портфелі 70 жобаны қамтиды. Инвестициялық жобалар пулында «Еврохим тыңайтқыштар» минералды тыңайтқыштар өндірісі, «Qazaq Soda» кальцийленген сода өндірісі, «Monterra Qazaqstan» алтын өндіру, «Корсем» цемент өндірісі, «Shagala Mining» мыс өндірісі, «Masdar» жел электр станциясы, «ҚазПро Темір» кара металлургиясы, натрий цианидін өндіру «Altynalmas Reagents», «Кнауффинс Тараз» гипс өндірісі сияқты ірі жобалар бар.

Өзекті мәселе

АҚЫН ӨЛЕҢІНДЕГІ
өрескел қателік

Мектеп мұғалімінің дүниеден бейхабар баланы оқытып, тәрбиелеуі арқылы болашағына жол ашады. Сонысымен де білім беру саласына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Егер олар қателессе, баладан не сұраймыз? Тараз қаласындағы №20 орта мектеп ғимаратының сыртқы қасбетіне ұлтымның ардақтысы, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің балаларды білімге шақырған өлеңінен үзінді жазылыпты. Өкініштісі – шумақтың екі жолын ғана жаза отырып, өрескел қате жіберілген. Тіпті, ол қате бірнеше жылдан бері еш өзгеріссіз тұрғаны жанға батады.

Қамар ҚАРАСАЕВА

Ақын, педагогтің өлеңінен алынған үзіндіні «Тұмсықтыңың тамағы шоқу менен табылған» деп беріліпті әлгі мектептің сыртындағы көлемді жазбада. Бірден көзге түскен қателік – бірге жазылатын «шоқуменен» деген сөзді бөліп жазғаны. Содан соң бала кезден көбіміз «Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған» деп оқып өскен едік. «Тұмсықтыңың» деп өлең сөзі бұрмаланғанға ұқсайды. Бұған күмән келтірген себебіміз – тұмсықтың бәрі тамағын шоқып таппайды. Жан-жануарлардың ішіндегі тұмсықтың бәрі күс емес.

Сондықтан анығын білу үшін белгілі ақын-жазушылардың еңбектерін зерттеп жүрген

филология ғылымының докторы, профессор Сәмен Құлбарактан сұрадық. Күмәнімізді дәлелді фактімен растаған ғалым «Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары» атты 1955 жылы



жарық көрген кітабын көрсетті. Ыбырай ағамыздың дәл осы өлеңі кеңестік кезеңдегі саяси жағдайларға байланысты «Бір Аллаға сиынып...» және «Істің болар қайыры, Бастасаңыз Аллалап» деген секілді жолдары алынып, таныстырылғанын қазір бәріміз білеміз. Бірақ, сол кеңестік кезеңде Алматы қаласындағы Қазақ ССР ғылым академиясының баспасында басылған кітапта «Тұмсықтыңың» деген сөзді кездестірмедік. Біз білетіндей «Сауысқанның тамағы...» деп жазылған. Яғни, мектеп қасбетіндегі көрнекі жазбада дүйім жұртқа белгілі өлең жолы бұрмаланып таспаланған.